

Мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 29 қарашадағы № 329 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 14 желтоқсанда № 4319 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Түлкібас ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 17 мамырдағы № 210 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Түлкібас ауданы әкімдігінің 17.05.2019 № 210 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексінің 18-бабының 7) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабының 2-тармағына және "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 9-бабының 6) тармақшасына сәйкес Түлкібас ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ауыр жұмыстарды, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыстардағы жұмыс орындарын есептемегенде, жұмыс орындары санының екіден төрт пайызға дейінгі мөлшерінде мүгедектер үшін жұмыс орындарына осы қаулының қосымшасына сәйкес квота белгіленсін.

2. Түлкібас ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 16 ақпандағы № 35 "Мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 3988 нөмірімен тіркелген, 2017 жылғы 17 наурызда "Шамшырақ" газетінде және 2017 жылғы 27 наурызда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. "Түлкібас ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы әкімдік қаулысы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы

нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін жолданылуын;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Түлкібас ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жолданылуын;

4) ресми жарияланғаннан кейін осы қаулыны Түлкібас ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Түлкібас ауданы әкімінің әлеуметтік сала бойынша орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Н.Тұрашбеков

Түлкібас ауданы әкімдігінің
2017 жылғы 29 қарашадағы
№ 329 қаулысына қосымша

Мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындары квотасының мөлшері

№	Кәсіпорының, ұйымының, мекеменің атауы	Тізімдік саны	Квота мөлшері (%)	Жұмыс орындарының саны
1	"Түлкібас аудандық емханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	565	4	6
2	Түлкібас ауданы әкімдігі білім бөлімінің "И.Рыбалко атындағы жалпы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	132	3	1
3	Түлкібас ауданы әкімдігі білім бөлімінің "С.Сейфуллин атындағы жалпы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	123	3	1
4	Түлкібас ауданы әкімдігі білім бөлімінің "Абай атындағы мектеп-лицейі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	129	3	1
5	Түлкібас ауданы әкімдігі білім бөлімінің "М.Ломоносов атындағы мектеп-гимназия" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	139	3	3
6	Түлкібас ауданы әкімдігі білім бөлімінің "Құралай жалпы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	101	3	1
7	Түлкібас ауданы әкімдігі білім бөлімінің "Б.Момышұлы атындағы жалпы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	166	3	2
8	Түлкібас ауданы әкімдігі білім бөлімінің "Науаи атындағы жалпы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	117	3	1
9	"Ажар" Түлкібас балалар бақшасы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	81	2	1
10	Түлкібас ауданы әкімдігі білім бөлімінің "Алғабас жалпы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	93	2	1
11	Түлкібас ауданы әкімдігі білім бөлімінің "С.Бреусов атындағы жалпы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	96	2	1

12	Түлкібас ауданы әкімдігі білім бөлімінің "М.Әуезов атындағы жалпы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	82	2	1
13	Түлкібас ауданы әкімдігі білім бөлімінің "М.Лермонтов атындағы жалпы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	92	2	1
14	Түлкібас ауданы әкімдігі білім бөлімінің "Дауан атындағы жалпы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	55	2	1
15	Түлкібас ауданы әкімдігі білім бөлімінің "Жамбыл атындағы жалпы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	68	2	1
16	Түлкібас ауданы әкімдігі білім бөлімінің "Т. Иманбеков атындағы жалпы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	54	2	1
17	Түлкібас ауданы әкімдігі білім бөлімінің "Ә.Молдағұлова атындағы жалпы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	62	2	1
18	Түлкібас ауданы әкімдігі білім бөлімінің "А.Байтұрсынов атындағы жалпы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	53	2	1
	Барлығы:	2208		26

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК